

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Филология және көптілді білім беру
институтының директоры
Б. Әбдіғазизұлы
2018 ж.



Академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті кафедрасы

«6М021400 – Әдебиеттану» мамандығы
бойынша магистратураға қабылдау емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Бағдарлама *Академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті* кафедрасының
мәжілісінде талқыланды.

«__»__2018 ж., хаттама №__

Бағдарламаны жазған: п.ғ. к., аға оқытушы Тамаев А.

Кафедра меңгерушісі _____ академик Б.Ө. Сманов

«6M021400 – Әдебиеттану» мамандығына магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы

«6M021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша магистратураға түсушілерден негізгі талап етілетін мәселе – қазақ әдебиеті пәндерінің қазіргі оқу үдерісіндегі ерекшеліктерін ескеріп, әдебиет туралы ғылымның негізгі ұғымдар жүйесін, әдебиеттің ғылымдар арасында алатын орны, мәні мен қызметі жайлы, ең бастысы – әдебиеттану ғылымының негізгі салалары жайлы жетік білу. Осы мақсатты көздеген бағдарлама тақырыптары кәсіби білім беруге бағытталған «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы», «Қазақ әдеби сынының тарихы» пәндерінің типтік бағдарламаларының негізінде жасалды.

Әдебиет тарихы бойынша «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті», «Кеңес дәуіріндегі әдебиет», «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиет», яғни осы кезеңдерге жататын әдебиет үлгілері іріктеліп алынды.

Болашақ магистранттардың ғылыми диссертация жазатындығын ескере отырып, олардың «Әдебиет теориясы» пәні бойынша тапсыратын емтихан сұрақтарын соңғы жылдардағы осы пәнге қатысты жаңаша теориялық ұғым-түсініктермен толықтыра түстік. Осыған орай аталмыш пәннен төмендегідей әдеби-теориялық білім аймағы қамтылды.

Әдебиет теориясы – ғылым.

Әдебиет теориясының негізгі міндеттері. Әдебиеттің тарихы және әдебиет теориясы. Әдебиет теориясы және әдеби сын. Әдебиеттанудың даму және қалыптасу тарихы.

Әдебиеттанудың қазіргі жағдайы және даму беталысы. Қазіргі әдебиеттанудың әдістемелік аппараты. Әдеби өнерді зерттеудің жолдары мен көркем шығарманың игерудің негізгі формалары. Әдебиеттанудың негізгі мектептері.

Өнердің мәні және табиғаты. Философиялық және эстетикалық категория. Көркемөнер – эстетикалық құндылықтарды жасаушы. Негізгі эстетикалық категориялар. Эстетикалық және көркемдік.

Көркем өнердің танымдық қызметі. Еліктеу теориясы. Символизация теориясы. Типтілік пен даралық. Өнер және әдебиеттің мақсаты мен міндеттері.

Әдебиет – өнердің түрі. Көркем әдебиет – қоғамдық сананың бір түрі. Қоғамдық сананың түрлерінің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуі. Саясат және философияның әдебиетке ықпалы. Әдебиет және дін. Әдебиет және тарих. Әдебиет және география. Өмірді танудың әр түрлі формалары.

Суретші мен ғалым ойлауындағы ерекшеліктер. Жазушының дүниені тануы мен шығармашылығы. Ғылым мен өнердегі объективтілік пен субъективтіліктің бірлігі. Ғылыми зерттеу мен көркем шығармадағы мақсат пен мазмұн. Ғылым тілі және әдебиет тілі. Өнердің басқа түрлері мен

әдебиет. Өнердің пәні мен мақсаты. Өнер туралы ұғым. Көркем әдебиеттің пәні мен қызметі.

Әдеби шығарма – тұтас бірлік. Көркем әдебиет мазмұны туралы ұғым. Пішін туралы ұғым. Көркем шығарманы мазмұн мен түрге салыстырмалы түрде бөлу. Әдебиет пен өнердегі түр мен мазмұнның бірлігі және бөлінбейтіндігі, олардың өзгермелілігі. Көркем түрдің байлығы, сонылығы және айқындылығы. Сөз – форманың бастапқы элементі. Оның мазмұн мен түр ерекшелігін анықтайтын көркем әдебиеттің әсері.

Кейіпкер және жазушы (қаһарман және автор). Кейіпкердің санасы мен сезімі. Психологизм. Портрет. Өмірдегі және өнердегі Әсемдік. Эстетикалық туралы ұғым. Негізгі эстетикалық категориялар. Эстетикалық сезім. Жазушының эстетикалық талғамы. Эстетикалық қабылдау және әсер.

Кейіпкер және мінез. Көркем шығарманың тақырыбы, идеясы. Көркем шығарма тақырыбының туу процесі. Тақырыпты өңдеу мен таңдаудағы дүниетанымның рөлі. Шығарманың барлық элементтерін бағындырған негіз, ірге, қойылым сияқты (суреттелетін объектімен) өмір материалы мен тақырып арасындағы айырмашылық. Тақырыптың өмірлік негізі, шығарманың басты және қосалқы тақырыбы. Мәңгі тақырыптар. Әдеби шығарманың идеялық-мағыналық жағы. Идея – бұл жазушының суреттелетін жайға қатынасы, баға, шығарманың басты ойы. Идея және әлеуметтік-эстетикалық мұрат. Түпкі ой және идея.

Шығарманың мәселесі және мотиві. Шығармадағы тақырып пен мәселе, тақырып пен идея, тақырып пен мотивтің өзара байланысы. Идея және характер, идея және өмір шындығы. Мотив – баяндаудың ең қарапайым бөлінбейтін бөлшегі. Мотив шығарманың қырлары іспетті. Мотив талдаудың негізгі бірлігі іспетті.

Көркем шығарманың сюжеті. Сюжет элементтері. Сюжет түрлері. Көркем шығармадағы сюжеттің рөлі мен орын. Сюжет және фабула. Қимыл, іс-әрекет – көркемдік әлем ерекшелігін анықтайтын факторлар. Лирикалық шығармалардағы сюжет. Сюжетсіз шығармалар. «Психологиялық» оқиғалар мен мотивтер. Әдеби компаративистикадағы сюжеттер және мотивтер мәселесі.

Тартыс. Сюжет бұл шығармадағы тартысты нақты іске асыратын, қаһармандардың қарым-қатынасы мен оқиғалар жүйесі іспетті. Көркем әдебиеттің шағын сюжетіндегі өмір тартыстары мен олардың өзіндік көрініс алуы. Тартыс – шығарманың негізгі қозғаушы күші. Тартыс және коллизия, перипетия.

Көркем шығарманың композициясы.

Көркем шығарманың композициясы туралы. Сюжет пен композиция бірлігі. Композицияның негізгі компоненттері. Шығарма композициясы және образдар композициясы.

Көркем шығарма құрылымының компоненттері. Шығарма композициясының шарттылануы – шығармадағы ақиқатты суреттеудегі шынайы заңдылықтар мен көркем әдістер, идеялық-эстетикалық ойластырулар өмірлік материалдар, шығарма жанрлары. Параллелизм мен

антитеза шығарма композициясының әр түрлілігі іспетті. Өмір шындығы және көркемдік шешім шығарманың тақырыбының, идеясының, проблемасының барлық элементтерінің (эпизод, образ, мотив) қатаң сақталуы. Сюжет құрастырудың тәсілдері.

Көркем шығарманың тілі. Тіл және сөйлеу. Көркем шығармадағы тілдің рөлі. Көркем сөйлеудің стилистикалық өзгешелігі. Көркем сөйлеудің басқа формаларымен байланысы. Көркем сөйлеудің құрамы. Авторлық сөз. Диалог және монолог.

Көркем сөйлеудің ерекшелігі. Көркем шығармадағы троптың (күбылту) түрлері және олардың рөлі. Кереғарлық және төлеу сөз. Стиль, пародия, ертегі. Реминисценция. Автор тілі және әрекетшіл жақтың тілі. Автор тілі мен әрекетшіл жақ тіліндегі типтеу және жекелеу. Көркем шығарманың тілі және жанрлық ерекшелігі. Поэтикалық синтаксистің маңызы. Поэтикалық тілдегі фигураның (айшықтау) түрлері.

Көркем әдебиеттің поэтикасы. Көркем шығарма әлемі және жазушының көркемдік әлемі. Қазіргі әдебиеттанудағы хронотоп ұғымы. М. М. Бахтин теориясы. Көркемдік уақыт-кеңістіктің әдебиеттегі қызметі. Шығарма композициясының поэтикасы. Әдеби шығармалардағы психологизм. Шығарма, цикл, фрагмент. Әдеби шығарманың құрамы.

Шығарма әлемі. Шығарма әлемі және жазушы әлемі. Кейіпкер және құндылық бағыты. Автор және қаһарман. Көркем шығармаға автор қатысуының түрлері. Пейзаждың қызметі. Шығарманың заттық әлемі. Әдеби шығармадағы интерьердің қызметі.

Мәтін. Филологиядағы мәтін ұғымы. Лингвистикадағы мәтін түсінігі. Қазіргі әдебиеттанудағы мәтін теориясы. Семиотика мен мәдениеттанудағы мәтін ұғымы. Постмодерндік концепциядағы мәтін. Р. Барт, Ж. Деррид еңбектеріндегі мәтіннің түсіндірілуі.

Әдеби дамудың заңдылықтары. Әдебиет және фольклор. Әдебиеттің пайда болуы. Әдеби дамудың тарихи кезеңдері, мәдени-тарихи дәуірлері. Әдеби бірлесіп әрекет ету, дәстүрлер және жаңашылдық. Әдебиеттегі нақтылы-тарихи және салыстырмалы-типологиялықты үйрену. Мәдени-тарихи дәуірлер және ондағы көркемдік ойлаудың үстем болуы. Әдебиеттің даму кезеңдері.

Көркемдік әдіс. Көркемдік әдісті шындықты бейнелеуші ретінде түсіну. Әдіс және стиль. Стильді әр түрлі пайымдау. Стиль және көркемдік машық.

Әдеби бағыт және ағым. Ағым мен бағытта шындықты бейнелеудің әдісі, бағалау, талдау принциптері бойынша құру. Әдебиеттегі негізгі бағыттар. Әдебиеттегі негізгі бағыттар мен ағымдар.

Пәндер тоғысындағы әдебиеттің мәселесі. «Әлем әдебиеті» ұғымының мазмұны. Әдебиеттің түйіспелі-типологиялық байланысы. Адамгершілік мәселелері «Интегралды әдебиет». Әдебиеттің диффузиялық-конвергенттік қатпары. Типологиялық әдеби топтар. Қазіргі әдебиеттанудағы әдебиеттің тарихи дамуының мәселелері.

Қазіргі әдеби даму үрдісі. Қазіргі замандағы әдебиеттің ролі. ХХІ ғасырдағы әдебиеттің бағыттары мен ағымдары. Көркем шығармалардың жанрлық құрамы. Көркем шығармалардың стил мен тілі.

Әдеби тектер. Әдебиеттің тектік қасиеттерінің қалыптасу және даму тарихы, оның фольклорлық ғұрыптық негізі. Аристотель, Гегель, Белинский поэзияның тектері мен түрлері туралы. Тектер бейнелеудің түрлері мен әдістері ретінде. Эпос, лирика, драма. Өртектілік және туысаралық түрлері.

Тарихи даму жағдайындағы эпос.

Эпиканың пайда болу принциптері. Повесть, әңгіме, роман, эпопея, новелла, ертегі эпостың жанрлық түрлері ретінде. Болуы мүмкін синтетикалық түрлер: роман-эпопея, роман-мениппея, роман-поэма, роман-ертегі, роман-анекдот, дилогия, трилогия. Деректі түрлер – очерк, фельетон, памфлет, күнделік, хат, эссе.

Тарихи даму жағдайындағы лирика.

Прозадағы лирика. Өлең және лирика. Лирика және поэзия. Лирика тудырудың принциптері. Лирикалық қаһарман туралы ұғым. Лирика бастауындағы объективтік және субъективтік жайттар. Лирикалық «меннің» маңызы. Лирикалық жанрлар: ода, элегия, сатира, романс, жолдау, эпиграмма, эн. Лиро-эпостық жанрлар: мысал, поэма, баллада.

Драманың тарихи дамуы.

Драманың ерекшеліктері. Драмалық идея мен образдарды іске асыруда сахнаның және сахналық құралдардың маңызы. Конфликт – драманың қозғаушы серіппесі іспетті. Драманың жанрлары: трагедия, комедия, водевиль, мелодрама, фарс, трагикомедия.

Әдеби жанрлар.

Көркем шығармашылық тектердің жанр бойынша жіктелуі. Көркем шығармашылық жанрдың нақтылы-тарихи сипаты. Көркем жанр бүтін бітім және көркемдік тұрғыда іске асырудың құралы іспетті. Аралық тектік-жанрлық қалыптасуының бастауы.

Әдебиет түрлері. Түр – жанрдың жеке, нақты көрінісі (отбасылық-тұрмыстық, элеуметтік-психологиялық, тарихи роман; элеуметтік-тұрмыстық, саяси, философиялық драма). Көркем шығарманың жанрлық-түрлік өзіндік ерекшелігі.

Әдебиеттің қызмет етуі. Герменевтика. Түсіну, интерпретация, ойлау. Герменевтика диалогтың бір бөлігі іспетті. Дәстүрлі емес герменевтика. Әдебиеттің қабылдауы. Автор және оқырман.

Рецептивті эстетика. Шынайы оқырман. Әдебиетті тарихи-функционалды тұрғыдан үйрену. Әдеби сын. Көпшілік-бұқаралық оқырман. Әдеби иерархия және репутация. Әдеби классика. Бұқаралық әдебиет. Беллетристика. Әдеби репутацияның тербелісі. Беймәлім және ұмытылған авторлар. Өнердің элитарлы және элитарлы емес концепциясы.

Өлең құрылысының негіздері. Поэзия және өлең. Өлең құрастырудың принциптері. Өлең құрылысының жүйесі. Өлең құрылысының силлаботоникалық жүйесі. Өлең құрылысының силлабикалық жүйесі. Дольник. Өлең құрылысының тоникалық жүйесі. Орыс және қазақ өлең құрылысының

салыстырмалы аспектілері. Еркін өлең – өлең құрылысы жүйесінің ерекше түрі.

Проза және поэзия. Прозалық шығармалардың ерекшелігі. Проза құрылымы. Поэзия табиғаты. Поэтикалық шығармалардың композициясы. Лирикалық және эпикалық кейіпкер. Поэзия мен прозадағы ырғақ категориясы.

Ырғақ және өлең. Өлең ырғағының ерекшеліктері, ұлттық тілдің өзіндік шарттылығы. Өлең құрылысының ұлттық жүйемен байланысы, әдебиеттің тарихи дамуының шарттарымен өлең өлшемі, метрі. Стопа және икт. Әртүрлі стопты өлеңдер (еркін өлең). Рифма және оның әдістері. Өлеңнің дыбыстық жүйесі. Рифманың түрлері. Ақ өлең.

Әдеби шығарманы талдаудың принциптері. Сипаттама және талдау. Әдебиеттанудағы интерпретация. Әдеби шығарма мәнмәтінін оқып-үйрену. Әдеби мәнмәтіннің түрлері. Жазушы шығармашылығындағы мәнмәтін және шығарманы түйсінудегі мәнмәтін. Мәнмәтіннің көпқырлылығы. Шығарманы талдаудың имманенттілігі.

Әдебиеттану және фольклористика. Әдебиет және фольклор. Әдебиеттану мен фольклористиканың негізгі міндеттері мен мақсаттары. XX-XXI ғасырдағы әдебиеттану мен фольклористиканың даму тенденциялары. Мәдениет жүйесіндегі әдебиет және фольклор.

Семиотика және әдебиет. Семиотиканың негізгі міндеттері. Бейне және таңба. Семиотика мен әдебиеттің байланыстары. Көркем шығарма таңбалық жүйе ретінде. Ғылыми бағыт ретіндегі семиотиканың мәні. Әдебиет және риторика.

Риторика ғылым ретінде. Теориялық және тәжірибелік риторика. Шешендік өнердің ерекшелігі. Шешендік өнер және әдебиет. Жазушы және оратор. Поэтикалық риторика. Көркем шығарма құрылымындағы риторикалық сөйлемдер.

Көркем шығармадағы цитата қызметі. Цитата ұғымы. Цитата түрлері. Әдеби шығармадағы цитата қызметі. Цитата және аллюзия, цитата және реминисценция. Эпиграф және цитата. Көркем шығармадағы афоризмдер.

Көркемдік бейне. Қазіргі әдебиеттанудағы көркемдік бейненің ұғымы. Көркемдік бейне эстетикалық категория ретінде. Көркемдік бейненің ерекшелігі. Көркемдік бейненің табиғаты.

Әдебиеттану мен фольклористикадағы мифологиялық мектебі. Мифологиялық мектеп – әдебиеттану мен фольклористиканың бағыты. Мифологиялық мектептің философиялық негізі. Мифологиялық мектептің өкілдері. Қазіргі филология ғылымындағы неомифологиялық бағыты.

Әдебиеттанудағы мәдени-тарихи мектеп. Мәдени-тарихи мектептің даму тарихы. И. Тэннің теориясы. Мәдени-тарихи мектептің негізгі идеялары мен тұжырымдары. Көркем шығармаларды генетикалық тұрғысынан зерттеу.

Әдебиеттану мен эстетикадағы психологиялық мектеп. Психологиялық мектептің даму алғы шарттары. Суретші, жазушы және көркем шығарма. Қаламгердің ішкі әлемін, сезімдерін әдеби шығармада сипаттау.

Психологиялық мектептің өкілдері. А. Потебня мен Д.Н. Овсяннико-Куликовскийдің концепциясы.

Әдеби сын жанрлары. Әдеби сын міндеттері. Әдеби сын шығармаларының мәні. Әдеби сыншы және жазушы. Әдеби сыншы және оқырман. Әдеби сын шығармаларының негізгі жанрлары.

Әдеби компаративистика. Әдеби компаративистиканың міндеттері. Қазіргі компаративистикадағы жаңа парадигмалар. Көркем шығармаларды салыстырмалы түрде зерттеу. Қазіргі әдеби компаративистиканың теориялық және тарихи поэтикасы. Салыстырмалы әдебиеттану мен салыстырмалы-тарихи әдебиеттану.

Әдебиеттің ұлттық сипаты. Автордың санасы мен ой-пікірлері. Қаламгер шығармашылығы және ұлттық мәдениет. Ұлттық әдебиеттердің ерекшелігі және әлем әдеби үдерісінің заңдылықтары. Әдеби байланыстар. Көркем шығармаларды аудару мәселесі.

Әдеби шығармашылығының генезисі. Әдеби шығармаларды генетикалық тұрғысынан талдау. Динамикалық поэтикасы. Жазушы шығармашылығына әсер ететін негізгі факторлар. Әдеби шығармашылығының генезисі туралы негізгі теориялар мен концепциялар. Әдеби даму кезеңдері.

Әдеби мектептер. XIX-XX ғасырдағы негізгі әдеби мектептер. Әдеби мектептердің манифестері. Жазушы шығармашылығы және әдеби мектеп. Қазақстан мен Ресейдегі негізгі әдеби мектептер.

Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік рөлі. М. Бахтин теориясы. Хронотоп ұғымы. Уақыт пен кеңістік және сюжет. Хронотоптың көркемдік қызметтері. Әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларының ерекшелігі. Қазіргі әдебиеттанудағы хронотоп туралы концепциялар мен теориялар. Хронотоп және жанр, стиль мәселесі.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» пәні бойынша қамтылған мәселелер: Сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы. Оның әдебиет тарихымен, әдебиет теориясымен байланысы және айырмашылықтары. Сынның эстетикаға, журналистикаға жақындығы. Әдеби сынның қоғамдық ой-пікірде алатын орны. Сыншылық өнер мен сыншының принциптілігі. Әдебиет классиктерінің сын туралы пікірлері. Сын тарихы. Қазақстандағы әдеби сынның тарихына арналған еңбектер.

Әлемдік әдеби-эстетикалық ой-пікірлер. Аристотель («Поэтика»), Гораций («Поэзия өнері»), Буало («Поэтикалық өнер»), Гегель («Эстетика») еңбектері жайлы мәлімет.

Орыстың революцияшыл-демократтық сыны. В.Г. Белинский. Өмірі мен әдеби, қоғамдық көзқарасы. А. Пушкин, Н. Гоголь, М. Лермонтов жайлы мақалалары. «Натуральная школа» туралы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің жай-күйі. «Айқап» журналы, «Қазақ», «Дала уәлаяты» газеттеріндегі алғашқы сыни мақалалар (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, С. Торыайғыров, С. Сейфуллин т.б.)

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдеби сыны. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Е. Ысмайылов, Т. Әлімқұлов, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, А. Нұрқатов, Қ. Нұрмаханов, М. Базарбаев т.б. сыншылардың сыни еңбектері.

Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің табыстарын жеке жанрлардың дамуын шола зерттеу. Қазақ романы (Р.Бердібаев, М. Атымұмов, Ш. Елеукенов, Т. Рахымжанов, Т. Сыдықов), лирикалық поэзия (Ә. Тәжібаев, М. Базарбаев, Қ. Мәшһүр Жүсіпов), поэма (Ә. Нарымбетов), әдеби сын (Т. Кәкішев, Д. Ысқақов), драматургия (Ә. Тәжібаев, Р. Нұрғалиев), балалар әдебиеті (Б. Ыбырайым), жанрларының жанрлардың туу тарихы тұрғысынан зерттелуі.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдеби сынының бүгінгі жай күйі, өкілдері.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер А., 1983.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар –А., 1986.
3. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі –А., 1986.
4. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 2005.
5. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 1991.
6. Джуанышбеков Н.О., Темирболат А.Б. Теория литературы. Учебное пособие. – Алматы, 2009.
7. Джуанышбеков Н.О. Проблемы современного сравнительного литературоведения. – Алматы, 2000.
8. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1999.
9. Зенкин С.Н. Введение в литературоведение: Теория литературы: Учебное пособие. – М., 2000.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002.
11. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.
12. Қирабаев С. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы, 2002.
13. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста: структура стиха. – СПб, 2002.
14. Майтанов Б.К. Психологизм в художественной литературе. Учебное пособие. – Алматы, 2004.
15. Темирболат А.Б. Поэтика литературы. Учебное пособие. – Алматы, 2011.
16. Теория литературы. В 2-х томах. / Под ред. Н.Д. Тамарченко. – М., 2007.
17. Теория литературы. В 4-х томах. // Под ред. Ю. Борева. – М., 2000.
18. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М., 2001.
19. Хализев В.Н. Теория литературы. – М., 2002.
20. Хрестоматия по теории литературы: В 2-х томах. / Под ред. Н.Д. Тамарченко. – М., 2007.

Қосымша әдебиет:

1. Аверинцев С.С., Андреев М.Л., Гаспаров М.Л., Гринцер П.А., Михайлов А.В. Категории поэтики в смене литературных эпох // Историческая поэтика. Литературные эпохи и типы художественного сознания. Сб. статей. – М., 1994.
2. Әбдезұлы Қ. Дүниетаным көкжиегі. – Алматы, 2010.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 2006.
4. Выготский Л.С. Психология искусства. – М., 2006.
5. Джуанышбеков Н.О. Проблемы сравнительно-типологического изучения литературы. – Алматы, 2001.
6. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы, 1992.
7. Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв.: Трактаты, статьи, эссе. – М., 1987.
8. Косиков Г.К. История зарубежной критики и литературоведения. – М., 2001.
9. Литературный энциклопедический словарь. – М., 2003.
10. Лотман Ю.М. Избранные статьи. В 3-х томах. – Таллин, 2002.

11. Майтанов Б. М. Әуезов және ұлттық әдеби үдерістер. – Алматы, 2009.
12. Нургалиев Р.Н. Поэтика драмы. – Алматы, 2010.
13. Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы, 2005.
14. Проблемы теории литературной критики.// Под ред. П.А. Николаева, Л.А. Чернец. – М., 2000.
15. Современное зарубежное литературоведение. – М., 1996.
16. Темирболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. – Алматы, 2009.
17. Холшевников В.Е. Стиховедение и поэзия. – Л., 1991.
18. Эко У. Отсутствующая структура. Введение в семиологию. – М., 2007.